



Аксу онірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

● №24 (10 330)

● 26 маусым

● жұма

● 2026 жыл

● aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ АРАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУ ТУРАЛЫ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕ

Брюссель қаласы, 2026 жылғы 23 маусым.

2026 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті Кемелұлы Қасым-Жомарт Тоқаев Брюссель қаласына ресми сапармен келіп, Еуропалық Кеңестің Президенті Антониу Кошта және Еуропалық Комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйенмен кездесу өткізді.

Көшбасшылар Президент Қ.К.Тоқаевтың сапарын өзара көлік байланысының, энергетикалық қауіпсіздіктің және орнықты жеткізу тізбектерін қамтамасыз етудің геосаяси маңызы артып отырған кезеңде Қазақстан мен Еуропалық Одақ (ЕО) арасындағы стратегиялық әріптестіктің нығайтын айқындайтын маңызды белгі ретінде құптады. Олар 2025 жылы қол қойылғанына 10 жыл толуы аталып өткен Қазақстан Республикасы мен Еуропалық Одақ арасындағы кеңейтілген әріптестік және ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге бейілділігін растады.

Президенттер Еуропалық Одақтың Қазақстанның жетекші сауда және инвестициялық серіктесі ретіндегі рөлін атап өтіп, инвестициялық ахуалды одан әрі жетілдіруге және стратегиялық секторлардағы, оның ішінде ЕО-ның «Жаһандық қақпа» стратегиясының Орталық Азияға қатысты қолданылатын ережелері шеңберінде, атап айтқанда, аса маңызды шикізат материалдары, энергетика, көлік, цифрландыру және жаңа технологиялар салаларында ынтымақтастықты нығайтуға келісті.

Олар Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің стратегиялық маңызын атап өтіп, Еуропалық Одақтың «Жаһандық қақпа» стратегиясы шеңберіндегі ынтымақтастықтың кеңеюін құптады. Көшбасшылар Горизонталды авиациялық келісімге қол қойылғанын және виза беруді жеңілдету туралы келісім мен реадмиссия туралы келісім бойынша келіссөз жүргізушілер деңгейіндегі талқылаулардың сәтті аяқталғанын құптады, бұл Қазақстан мен Еуропалық Одақ азаматтары арасындағы өзара байланыс пен халықтар арасындағы қарым - қатынастарды нығайтуға ықпал етеді.

Президенттер аса маңызды шикізат материалдары саласындағы



ынтымақтастықтың маңыздылығын растады және Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы орнықты шикізат, аккумуляторлар және «жасыл» сүтегі құн тізбектерін құру салаларындағы стратегиялық әріптестікті іске асыру жөніндегі Жол картасын орындауға бейілділігін білдірді. Сонымен қатар олар Қазақстанның Еуропаға мұнай мен уран жеткізудегі маңызды рөлін және жаңартылатын энергетика мен атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану салаларындағы неғұрлым тығыз ынтымақтастықтың әлеуетін мойындай отырып, сенімді энергетикалық әріптестіктің маңыздылығын атап өтті. Олар санкциялар мәселесі бойынша жалғасып жатқан сындарлы диалогты құптады.

Көшбасшылар Еуропалық инвестициялық банкпен және Еуропалық қайта құру және даму банкімен ынтымақтастықтың нығайтын құптады. Атап айтқанда, ЕИБ-мен жасалған өзара көлік байланысын қолдау жөніндегі келісімге (150 миллион еуро) және Қазақстанда халықаралық деңгейде аккре-

диттелген ұлттық химиялық-талдамалық зертхана құру туралы Еуропалық қайта құру және даму банкімен өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылуын жоғары бағалады. Аталған бастамалар Еуропалық Одақпен әріптестікте «Team Europe» тәсілі шеңберінде іске асырылатын болады. Сондай-ақ, 2025 жылғы «Орталық Азия – Еуропалық Одақ» саммитінің декларациясында көзделгендей, ЕИБ-нің Астанадағы өкілдігін ашуға қолдау білдірілді.

Президенттер «Air Astana» мен «Airbus» арасында жалпы құны 7,145 миллиард еуроны құрайтын 50-ге жуық әуе кемесін сатып алуды көздейтін Сертификаттық келісімге қол қойылуын құптады. Олар бұл келісімді авиация, инновациялар, көлік байланысын дамыту және жеке сектор инвестицияларын тарту салаларындағы Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы ынтымақтастықтың тереңдеп келе жатқанының нақты көрінісі ретінде атап өтті.

Президенттер климат саласында белсенді іс-қимылдарға және «жасыл» энергетикаға

көшуге өздерінің бейілділіктерін растады, сонымен қатар бәсекеге қабілеттілікті арттыру және экономикалық ынтымақтастықты күшейту мақсатында тығыз диалогты қолдады. Олар сондай-ақ, білім беру, зерттеулер жүргізу және инновациялар саласындағы ынтымақтастықтың кеңеюін, оның ішінде «Erasmus+» және «Horizon Europe» бағдарламалары аясындағы ынтымақтастықты құптады.

Еуропалық Одақ Қазақстанда жүргізіліп жатқан саяси реформалардың күн тәртібін танып, 2026 жылғы наурызда республикалық референдум арқылы жаңа Конституцияның қабылданғанын атап өтті. Көшбасшылар адам құқықтары, құқық үстемдігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша диалогтың жалғасын, соның ішінде Венеция комиссиясымен ынтымақтастықты, сондай-ақ, «TAIEX» және «Twinning» бағдарламалары шеңберіндегі практикалық ынтымақтастықты құптады.

Президенттер бейбітшілікке, қауіпсіздікке және тұрақтылыққа, сондай-ақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының қағидаттарына, оның ішінде егемендікке, аумақтық тұтастыққа және дауларды бейбіт жолмен реттеуге деген ортақ бейілділіктерін растады. Олар Біріккен Ұлттар Ұйымының қағидаттарына негізделген тиімді көпжақты тәсілдің маңыздылығын атап өтіп, қақтығыстарды бейбіт жолмен шешуді қолдайтындарын растады. Көшбасшылар сондай-ақ, қарусыздану мен таратпау жөніндегі жаһандық режимді нығайтудың, оның ішінде ядролық қарудан азат аймақтарды қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Еуропалық Одақ БҰҰ жүйесі аясында су ресурстарына байланысты жаһандық мәселелерді шешу мақсатында Халықаралық су ұйымын құру жөніндегі Қазақстанның бастамасын назарға алды.


Президенттер Орталық Азия мен Еуропалық Одақ арасындағы қатынастардың стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілгенін құптап, 2026 жылғы сәуірде Астанада өткен Өңірлік экологиялық саммиттің қорытындыларын атап өтті. Олар ортақ өркендеуді, орнықтылықты, тұрақты дамуды және тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастықты нығайтудың маңызды екенін атап көрсетті.

ОЛЖАС БЕКТЕНОВ "ЖАЗҒЫ ДАВОС" ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНА ҚАТЫСЫП, БІРҚАТАР ЕКІЖАҚТЫ КЕЗДЕСУ ӨТКІЗДІ

Қазақстан Республикасының Премьер - министрі Бектенов Олжас Далаян қаласында (ҚХР) «Жазғы Давос» дүниежүзілік экономикалық форумының жаңа чемпиондарының 17-ші жыл сайынғы кездесуінің ашылу салтанатына қатысып, Моңғолия Премьер-министрімен, Бангладеш Халық Республикасының Премьер-министрімен, сондай-ақ, Дүниежүзілік экономикалық форумның Президенті және бас директорымен бірқатар екіжақты кездесу өткізді.

Форум жұмысына Үкімет басшылары, ірі компаниялар мен сарапшылар қоғамдастығының өкілдері қатысты. Күн тәртібі технологиялық трансформация, инвестициялық ынтымақтастық, цифрландыру, ЖИ және экономикалық өсудің жаңа драйверлерін іздеу мәселелерін қамтиды.

Моңғолия Премьер - министрі Ням - Осорын Учралмен келіссөздер барысында сауда - экономикалық өзара іс-қимылды дамыту, өнеркәсіп кооперациясы, тау - кен металлургиясы және көлік - логистика салаларындағы ынтымақтастық, агроөнеркәсіп кешені, цифрландыру және жасанды интеллект, сондай-ақ, ғарыштық технологиялар саласындағы әріптестік мәселелері талқыланды. Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсухтың биыл сәуір айында



Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарының қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылу барысы, сондай-ақ, екі ел басшылары қойған өзара сауда көлемін \$500 млн - ға дейін жеткізу міндетін жүзеге асыру жөніндегі шаралар қаралды. Келіссөздер қорытындысы бойынша Олжас Бектенов пен Ням-Осорын Учрал өзара қызығушылық тудыратын

экономиканың барлық бағыты бойынша ынтымақтастықты нығайтуға дайын екендерін жеткізді.

Бангладеш Халық Республикасының Премьер - министрі Тарик Рахманмен кездесу барысында сауда және инвестиция, көлік-логистика, цифрландыру салаларындағы ынтымақтастық мәселесіне назар аударылды. Қазақстан Премьер - министрі Президент Қасым - Жомарт

Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүзеге асырылып жатқан және мемлекеттілікті нығайтуға, «Заң мен тәртіп» қағидатын қамтамасыз етуге, Әділетті Қазақстан құруға бағытталған реформалар еліміздің орнықты экономикалық өсуіне, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге қажетті жағдай жасап отырғанын атап өтті. Кездесу қорытындысы

бойынша қазақ - бангладеш ынтымақтастығын одан әрі тереңдетуге өзара мүдделілік және экономиканың басым салаларында жаңа бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайындық расталды.

World Economic Forum президенті және бас директоры Алоис Цвингмен келіссөздер барысында цифрлық трансформация, жасанды интеллект, инвестициялар тарту, адами капиталды дамыту салаларындағы өзара іс-қимыл перспективалары талқыланды. Кездесу барысында Қазақстанның Дүниежүзілік экономикалық форуммен жүйелі сараптамалық әріптестікке көшуге мүдделілігі айтылды. Сондай-ақ, «Бәйтерек» инвестициялық холдингі арқылы ынтымақтастыққа қызығушылық білдірілді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда инвестициялық ахуалды жетілдіру және бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, инвесторларға мемлекеттік қолдау шараларының кең ауқымы қолжетімді. Altyn Visa ар-найы визалық режимі енгізілуде, салықтық және кедендік преференциялар қолданылады. Жобаларды сүйемелдеу «бір терезе» қағидаты арқылы жүзеге асырылады.

КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП

БЕЙБІТ ИСАБАЕВ ҚХР-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ БАС КОНСУЛЫМЕН КЕЗДЕСТІ



Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев биылғы жылдың наурыз айында қызметіне кіріскен Қытай Халық Республикасының Алматы қаласындағы жаңа Бас консулы Су Фанцюмен кездесті. Тараптар экономикалық, инвестициялық және мәдени - гуманитарлық салалардағы екі жақты ынтымақтастықтың келешегі туралы талқылады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Дипломатты жаңа қызметімен құттықтаған өңір басшысы Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара құрметке, сенім мен достыққа негізделген ынтымақтастықтың жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Бейбіт Исабаевтың айтуынша, Жетісу облысы - республика бойынша Қытаймен шекарада 5 бақылау-өткізу бекеті бар жалғыз өңір. Оның ішінде 2 теміржол, 2 автомобиль және 1 туристік өткізу

пункті бар. Сонымен қатар екі ел арасындағы ортақ шекараның облыс аумағындағы ұзындығы 563 шақырым. Облыс әкімі өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары туралы жат - жақты айтып берді, атап айтқанда, аграрлық сектор, аймақтың көлік-логистикалық әлеуеті, туризм, «жасыл» энергетика салаларына және бірлескен инвестициялық жобаларға ерекше тоқталды.

— Өңір аумағында Қытай Халық Республикасы инвесторларының қатысуымен 14 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда, оның 7-еуі биыл қолға алынған. Сонымен қатар жуырда біздің өңірде қуаты 250 МВт болатын жел электр станциясын салуға ниетті қытайлық ірі «Envision Energy» компаниясының өкілдерімен кездестім. Жалпы, бізді әсіресе ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде сүт, ет және жүн өңдеу саласындағы ұсыныстар қызықтырады. Өз тарапымынан

облысымызда кәсіпкерлікпен айналысуға және әлеуетті инвесторлар үшін заңнама аясында барлық қажетті әкімшілік әрі экономикалық жағдайлар жасалғанын сенімді түрде айта аламын, — деді Б.Исабаев.

Өңір басшысына жылы қабылдауы үшін алғыс білдірген Су Фанцю өз сөзінде:

— Жетісу облысы — екі жақты ынтымақтастықты дамытудағы негізгі өңірлердің бірі. Атап айтқанда, біз өңіраралық байланыстарды жандандыруға мүдделіміз, соның ішінде Шыңжаң Ұйғыр автономиялық ауданы мен Жетісу облысы арасындағы бауырластық байланыстар аясындағы ынтымақтастықты кеңейтуге дайынбыз. Сонымен қатар көлік - логистика саласындағы әріптестікті, жаңартылатын энергия көздері, электрондық сауда және мәдени - гуманитарлық бағыттардағы өзара іс - қимылды дамытуға ниетіміз бар. Жалпы алғанда, біз «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясында барлық саладағы практикалық ынтымақтастықты нығайтуға және екі жақты әріптестіктің жаңа даму нүктелерін тұрақты түрде ашуға дайынбыз, — деді ол.

Кездесу соңында тараптар өзара ынтымақтастық аясын одан әрі кеңейтуге мүдделі екендерін растап, алдағы уақытта бірлескен жұмысты жалғастыруға дайын екендіктерін білдірді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотограф:
Дмитрий ЕРОФЕЕВ.

ЖЕТІСУДА "ҚОРҒАС - ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ" АЭА АУМАҒЫНДА ИНДУСТРИАЛДЫ ПАРК ҚҰРЫЛАДЫ



Жетісу облысында «Қорғас — Шығыс қақпасы» АЭА аумағында төмен биіктіктегі экономиканы дамытуға, озық технологияларды енгізуге және зияткерлік өндірісті өркендетуге бағытталған индустриялық парк құрылады. Осыған байланысты Жетісу облысының әкімдігі мен инвестор компания арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Құжатқа Polyking Newhorizons Technology Industry Co., Ltd. компаниясының бас директоры Ли Канчао және Жетісу облысы әкімінің орынбасары Әсет Қанағатов қол қойды.

сметалық құжаттама әзірлеп, сондай-ақ, индустриялық парк пен энергетикалық инфрақұрылым нысандарының құрылысын жүргізеді. Өз кезегінде облыс әкімдігі қолданыстағы заңнама аясында нысандарды инженерлік инфрақұрылым желілеріне қосуға, газбен жабдықтауды ұйымдастыруға қажетті қолдау көрсетіп, инвестициялық жобаны барлық кезеңдерде сүйемелдейтін болады.

Әсет Қанағатовтың айтуынша, аталған құжатқа қол қою өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырудағы және «Қорғас — Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы аумағында халықаралық деңгей-



Меморандум аясында тараптар аумағы 1 мың гектар болатын заманауи индустриялық парк құру бойынша ынтымақтастық орнатуға келісті. Жобада табиғи газды негізгі шикізат ретінде пайдаланатын интеграцияланған энергетикалық станцияның құрылысы қарастырылған. Бұл станция бір мезгілде электр энергиясын өндіріп, жылумен қамтамасыз етіп, сұйытылған табиғи газ шығарады. Жобалық қуаты — тәулігіне 2 млн текше метрге дейін табиғи газ тұтынады.

Жасалған келісімдерге сәйкес, Polyking Newhorizons Technology Industry Co., Ltd. компаниясы инвестиция тартып, жобалық-

дегі жаңа индустриялық алаң қалыптастырудағы маңызды қадам болды.

— Аталған жобаны іске асыру Жетісу облысының өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға, тікелей шетелдік инвестицияларды тартуға, жаңа жұмыс орындарын құруға, заманауи өндірістік технологияларды енгізуге және Қазақстан мен Қытай арасындағы халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етеді, — деп түйіндеді сөзін облыс әкімінің орынбасары.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА — 4 ЖЫЛ: 8 ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛЫП, ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТІ ҮШІН 289 БІРЛІК ҚЫЗМЕТТІК АВТОКӨЛІК САТЫП АЛЫНДЫ

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев полиция қызметкерлері мен өңірдегі ішкі істер органдары ардагерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Өңір басшысы өз сөзінде олардың қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға қосып отырған маңызды үлесін атап өтті, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мерекелік іс-шара дәстүр бойынша қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан қызметкерлерге арналған ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсімінен басталды. Мұнан соң Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында салтанатты жиын ұйымдастырылып, онда облыс әкімі құттықтау сөз сөйледі.

— Мемлекет басшысының «Заң мен Тәртіп» тұжырымдамасы елдегі түбегейлі реформалардың негізі болып отыр. Оны жүзеге асыру құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның міндеті. Әділетті қоғам құрып, заң үстемдігін нығайту жолында әрбір полиция қызметкері өз міндетін адал атқаруы тиіс. Біз өз тарапымыздан қажетті қолдау көрсетеміз, — деген Б. Исабаев, облыста ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Осы жиында Ақсу аудандық полиция бөлімінің бастығының бірінші орынбасары, полиция майоры Ермек Исаев, Қаратал аудандық полиция бөлімінің криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі, полиция капитаны Берік

Бибек, Ескелді аудандық полиция бөлімінің қоғамдық қауіпсіздік бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция капитаны Нұрсейіт Абдрахманов, сондай-ақ, Сарқан ауданы мен Текелі қаласы полиция бөлімдерінің тергеу бөлімшелерінің тергеушілері, полиция аға лейтенанттары Диас Тошанов пен Әділет Байсаринов облыс әкімінің қолынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарға ие болды.

Сонымен қатар бірқатар полиция қызметкерлеріне арнаулы атақтар беріліп, «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен, сондай-ақ Ішкі істер министрінің грамотасымен және Алғыс хаттымен марапатталды. Мерекелік шараның соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

Облыстық полиция департаментінің жеке құраммен жұмыс басқармасы бастығының орынбасары Айдын Сүлейменов: — Жетісу облысы полициясының қатарында екі мыңнан астам қызметкер еңбек етеді. Олардың қай-қайсысы да уақытпен санаспай, күн сайын қоғамдық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау жолында қызмет атқарып келеді. Біз мамандардың біліктілігін арттыруға ерекше көңіл бөлеміз. Өйткені қазіргі заманда интернет-алаңдықтың сияқты қылмыс түрлері кең етек алды. Сондықтан біздің басты міндетіміз — осы бағытта да халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, — деді ол.

Отставкадағы полиция полковнигі, ішкі істер органдарының құрметті ардагері Болат Молдабеков өскелең ұрпақты тәрбиелеу мәселесіне қатысты өз пікірін білдірді:

— Қазір мен зейнет демалысындамын. Соған қарамастан жас полиция қызметкерлеріне

қолымнан келгенше қолдау көрсетуге тырысамын. Ардагерлер ұйымының құрамында мектеп оқушыларымен, студенттермен кездесу өткіземіз. Өйткені жастар арасында патриоттық құндылықтарды дәріптеу, құқықтық мәдениет пен құқықтық сауаттылықты қалыптастыру — бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі, — деп атап өтті.

Айта кетейік, облыс әкімдігінің қолдауының арқасында 2022 жылдан бастап өңірлік Полиция департаментінің материалдық - техникалық базасы заманауи техникамен, арнайы құрал-жабдықтармен жүйелі түрде жабдықталуда. Құқық бұзушылықтарды жедел анықтау мақсатында аудандық және қалалық полиция бөлімдеріне, сондай-ақ, департамент басқармаларына 31 дрон берілді. Сонымен қатар өңірде 1415 бейнебақылау камерасы орнатылып, биыл тағы 220 камераны іске қосу жоспарланып отыр. Соңғы жылдары 289 бірлік қызметтік және арнайы автокөлік сатып алынды. Бұдан бөлек, қоғамдық орындарда құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында аудандарда 8 жедел басқару орталығы құрылды, 6 әкімшілік ғимаратқа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Қазіргі таңда Сарқан ауданындағы Лепсі ауылында күрделі жөндеуден өткен полиция пункті қайта пайдалануға берілді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде өңірде қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 36%, ал қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар 44% төмендеді.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Бүгін "Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні!"

ЖЕР КИЕСІЗ, СӨЗ ЖҮЙЕСІЗ БОЛМАЙДЫ

АУДАН ӘКІМІ ТЫНЫШБАЕВ БЕРІК ТЫНЫШБАЙҰЛЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ



Иә, қазақта «жер киесіз, сөз жүйесіз болмайды» деген мәтел бар. Осы бір атадан балаға мирас болып жеткен тамаша сөздің астарына үңілсек, көп нәрсеге көз жеткіземіз. Өткен ғасырда, яғни, 1934 жылдың қараша айының алғашқы жұлдызында ақпарат айдынына желкен керіп, ойлы оқырманына жол тартқан «Ақсу өңірі» (Алғашқы Ленин жолы, Өмір нұры) газеті міне тоқсанның төріне көтерілді.

Адамзат ғұмырымен өлшесек, тоқсанды алқымдаған абыз қарияның жасына жетті. Арынды Ақсудың жағаға ұрған толқынымен сабақтас басылым аудан аймағының аты алысқа кеткен ұнжариясына айналды. Олай дейтін себебіміз, осынау «Ақсу өңірі» газетінде әлемге танылған қаламгерлер қолтаңба қалдырған. Тұрсынзада Есімжанов, Ораз Жұмашев, Жамау Бұхарбаев, Қанипа Бұғыбаева, Марфуға Айтқожина, Сағынболат Тінтаев, Хасен Көптілеуов, Дүйсен Мұхаметшарұлы, Жеңіс Құрманғалиев, Берлібек Аманбаев, Тілеухан Есеболатов, Мұхаметәлі Найманханұлы, Сейдахмет Мұхаметшин, Болат Бисұлтанов, Нұрғали Омарқұлов, Қуат Қайранбаев және басқа да ақын - жазушылар мен журналистердің осы газет ұжымымен араласып өздерінің тамаша туындыларын алғаш рет «Ақсу өңірі» газетінде жариялағандарының өзі көп жағдайды аңғартып, киелі шаңырақ екендігін көрсетіп отырған жоқ па!


Қазіргі кезде аудандық газет қызметкерлері өркениеттің өнегелі істерін оқырмандар жүрегіне жеткізіп, тәуелсіздіктің тұрақты тағдырын барша жұртқа дер кезінде көрсетуі осы қаламгерлердің үлесіне тиюдің өзі үлкен мәртебе. Олай болса газеттің көз тартар ажары, өрелі ісі мен мағыналы мазмұны өзіне тән кең тынысты арнасын кеңейтіп келе жатқан 90 жылдан астам тарихымызды еншілеген қуаныш - бәріміздің жүрек толғантар мерекеміз. Бағдары айқын, өзекжарды айтары бар қаламгерлерге шалқар шабыт тілеймін!

Аудандық газеттің ұжымын кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтап, аудан журналистеріне шығармашылық табыс тілеймін. Қаламдарыңыз ұшқыр, ойларыңыз ұтқыр болсын. Отбастарыңызда береке - бірлік таусылмасын.

Сіздермен бірге әлі талай асуларды алып, ел сенімін ақтармыз деген ойдамын.

ЖУРНАЛИСТИКА - ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН КӘСІП

МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СҮЛЕЙМЕНОВ БЕЙБІТ ЖАҢЫЛЫСҰЛЫНЫҢ МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУЫ



Аудандық мәслихат депутаттары және аппараты атынан Сіздерді «Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні» мерекесімен құттықтаймыз!

Журналистика – қызығы мен қиындығы мол, зор жауапкершілікті қажет ететін бірегей кәсіп. Қоғамдағы болып жатқан сан түрлі оқиғалар мен адамдардың тағдыры сіздердің жұмыстарыңыздың өзеі. Халық сіздер арқылы өздері өмір сүріп жатқан орта жайлы мағұлмат алады. Сондықтан, әрдайым шынайылық пен ақиқатқа бағынатын журналистердің көтеретін жүгі де ауыр деп білеміз. Сіздер өз газеттеріңіз арқылы ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуы бағытында атқарылып жатқан істер барысын, аудан тұрғындарының тыныс - тіршілігін, оңды істерін насихаттауда қажырлықпен және нәтижелі қызмет атқарып келесіздер. Газетіміз барлық кезеңдерде халықпен жергілікті биліктің арасындағы дәнекер болып, оқырмандардың мінбері және көмекшілері бола білуде. Аудандық мәслихат депутаттары да Сіздер арқылы өз сайлаушыларымен тұрақты байланыста болуда.

Сіздер жекелеген адамдардың тағдыры да, қоғамның рухани ахуалы да адал, шынайы журналистік сөзге байланысты екенін жақсы түсінесіздер. Сондықтан да сіздер үшін оқырмандардың алдында адал болудың жөні бөлек.

Сіздердің салмақты сөздеріңіз бен



салиқалы пікірлеріңіздің арқасында халық билікке өз сөзін жеткізіп отыр және баспасөзбен тығыз байланыстың нәтижесінде атқарушы билік органдарының қызметі туралы тұрғындарға жедел және дәлелді ақпараттар жеткізіліп келеді. Сіздердің тынымсыз кәсіптеріңізге деген адалдықтарыңыз үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Қаламдарыңызға қызықты тақырыптар ілінсін, ал сіздердің жарияланымдарыңыздағы әр сөз адамдарды жақсылық жасауға, жарық әлемді нұрландыруға жетелесін!

Кәсіптеріңізге өрлеу, шығармашылықтарыңызға сәттілік, еңбектеріңізге табыс тілейміз! Сіздерге және отбасыларыңызға табыс, бақыт тілейміз! Әр бастамаларыңыз сәттілікпен шынайы өмір айнасына айнала берсін!

Мерейлі мереке құтты болсын, ұшқыр қалам иелері! Сіздерге алдағы уақыттарда да ел игілігі үшін атқарып жатқан жұмыстарыңызда шығармашылық табысқа жете берулеріңізге тілектеспіз.

23 МАУСЫМ - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ!

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - МӘРТЕБЕЛІ МІНДЕТ

Мемлекеттік қызметшінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені, мемлекеттік қызметші – биліктің биік бейнесін танытып, іскерлік қабілетін көрсететін тұлға, мемлекеттік саясатты алға жылжытатын қозғаушы күш. Мемлекеттік басқарусыз кез келген қоғамның бірлігі бекемделіп, әлеуеті артып, тұрақты дамудың даңғыл жолына түсуі мүмкін емес. Осыдан-ақ, мемлекеттік қызметтің жауапкершілігі мол, ауыр да абыройлы міндет екенін айқын аңғаруға болады. Мемлекет мүддесін биік қойып, асқақ мұраттарға жету жолында адал қызмет ету – әрбір азаматтың парызы.

Иә, әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер болып табылады. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Мемлекеттік қызметші қай кезде де биліктің биік бейнесін, іскерлік қабілетін көрсетеді.

23 маусым – мемлекеттік қызметшілер күні. Осы мерекеге орай, "Қобызшы Мольқабай" атындағы мәдениет үйінде мемлекеттік қызметшілер күні зор салтанатпен аталып өтті.

Шарада аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтау сөз сөйледі:

Өз тағдырын Сіздерге сеніп тапсырған, Сіздердің білікті пен кәсіпқойлыққа



сенім артқан азаматтарға қызмет етуден құрметті мамандық жоқ.

Халық Сіздерден адамгершілікті, патриоттық сезімді, заңдылықты бұлжытпай сақтауды күтеді. Мемлекеттік қызметкерлер жұмысының сапасына әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, халық өмірінің деңгейі мен жалпыұлттық жобалардың жүзеге асырылуы тәуелді.

Мемлекет жоғары мамандандырылған, ұйымдасқан, құқықтық және нәтижелі басқармасы болған жағдайда ғана табысты болып гүлденеді.

Сіздердің күш – жігерлеріңіз алдағы уақытта да ауданымыздың экономикасын дамытуды қалыптастыру мен халықтың әл – ауқатын арттыруға бағытталатынына сенімдіміз.

Қызметтеріңіз бен мемлекеттік қызметке деген адалдық үшін алғыс білдіреміз!,- деп бір топ азаматтар мен азаматшаларды "Алғыс хаттармен" марапаттады.

Осы мерекелік жиында Көшкентал ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Назарбек Назерке мемлекеттік қызметші антын қабылдап, жас мамандар қатарына қосылды.

Шараның соңы жергілікті өнерпаздардың орындауындағы концерттік бағдарламаға ұласты.

Жағымды жаңалықтар көп болсын!

Ербол СЫМХАНОВ.

23 МАУСЫМ - ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ!

ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ – ЕЛ ТЫНЫШТЫҒЫНЫҢ ТІРЕГІ



сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, қылмыспен күрес және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жоғары нәтижелер көрсеткен бірқатар полиция қызметкерлері аудан әкімінің Алғыс хаттарымен және Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Сонымен қатар аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі

Дидар Серікұлы Базарбаев сөз сөйлеп, әріптестерін кәсіби мерекемен құттықтады. Ол өз сөзінде полиция қызметінің қоғамдағы орны ерекше екенін атап өтіп, бөлімнің ағымдағы жылғы атқарған жұмыстары мен қол жеткізген нәтижелеріне тоқталды.

Бүгінде аудан полициясы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдық

тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жастар арасындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Қызметкерлер тәулік бойы тұрғындардың тыныштығын күзетіп, азаматтардың қауіпсіз өмір сүруіне жағдай жасауда.

Іс-шара барысында ішкі істер органдарының ардагерлеріне де ерекше құрмет көрсетілді. Себебі қазіргі полиция қызметінің қалыптасуы мен дамуына олардың қосқан үлесі зор. Жас буын үшін ардагерлердің өмір жолы мен қызметтік тәжірибесі үлкен өнеге болып табылады.

Салтанатты бөлім мерекелік концерттік бағдарламаға ұласты. Аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары тәртіп сақшыларының құрметіне ән шырқап, патриоттық рухтағы музыкалық шығармалар орындады. Көрермендер жылы қабылдап, полиция қызметкерлерінің еңбегіне ризашылықтарын білдірді.

Тәртіп сақшысы болу – тек мамандық емес, бұл – үлкен жауапкершілік пен антқа адалдықтың белгісі. Ел тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігі жолында қызмет етіп жүрген полиция қызметкерлерінің еңбегі әрдайым құрметке лайық. Олар күндіз-түні демей, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, заң мен тәртіптің сақталуына үлес қосып келеді.

Қазақстан полициясының 34 жылдық мерейтойы – құқық қорғау саласы қызметкерлерінің қажырлы еңбегін бағалап, олардың мәртебесін арттыратын маңызды мереке. Ел игілігі жолында абыройлы қызмет атқарып жүрген барлық тәртіп сақшыларын кәсіби мерекелерімен құттықтап, дендеріне саулық, отбасыларына амандық, қызметтеріне табыс тілейміз.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ҚОҒАМ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ АҚСУ АУДАНЫҚ ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІНІҢ БАСШЫСЫМЕН СҰХБАТ



– Алдымен ауданымыздағы криминалға ахуал туралы айтып өтсеңіз. Жалпы жағдай қандай?

– Ақсу ауданы бойынша қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтардың алдын алу және қылмыстарды ашу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жалпы аудан аумағындағы жедел жағдай тұрақты деп бағаланады. Полиция қызметкерлері тәулік бойы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қызмет атқаруда.

2026 жылдың алғашқы алты айында аудан көлемінде 86 қылмыс тіркелді. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жоғары болғанымен, қылмыстарды ашу сапасы айтарлықтай жақсарды. Жалпы қылмыстардың ашылу деңгейі 81,9 пайызды құрап, өткен жылғы 59,6 пайыздық көрсеткіштен едәуір өсті.

– Қылмыстардың ашылу деңгейінің жоғарылауына қандай факторлар әсер етті?

– Ең алдымен, полиция қызметкерлерінің кәсіби жұмысы, профилактикалық іс-шаралардың күшеюі және заманауи технологиялардың тиімді пайдаланылуы оң нәтижесін беруде. Ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша ашылу көрсеткіші 90 пайызға жетті. Бұл

– азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бағытындағы нақты нәтижелердің бірі.

Сонымен қатар онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстар бойынша да оң өзгерістер байқалады. Әрбір тіркелген құқық бұзушылық жіті бақылауда болып, кінәлі тұлғаларды анықтау бағытында қажетті шаралар қабылдануда.

– Халықты алаңдататын ұрлық қылмыстарының жағдайы қандай?

– Ұрлық қылмыстарының алдын алу біздің басты бағыттарымыздың бірі болып қала береді. Биыл ұялы телефон ұрлығы өткен жылмен салыстырғанда азайып, тіркелген қылмыс толық ашылды. Пәтер ұрлықтары бойынша да барлық тіркелген деректердің ашылуы 100 пайызды құрады.

Ал, мал ұрлығы ауылдық жерлер үшін өзекті мәселе болып отыр. Осы бағытта арнайы жедел-профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылып, мал иелеріне қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

– Құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында қандай жұмыстар атқарылуда?

– Қылмыстың алдын алу – полиция қызметінің негізгі міндеттерінің бірі. Учаскелік полиция инспекторлары

тұрғындармен тығыз байланыста жұмыс істейді. Биыл олардың бастамасымен алкогольдік ішімдікті шектен тыс пайдаланатын бір азамат мәжбүрлі емдеуге жіберілді.

Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, қоғамдық орындардағы тәртіпті сақтау, көші – қон заңнамасын бақылау бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде.

– Әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша қандай көрсеткіштер бар?

– 2026 жылдың басынан бері учаскелік полиция инспекторлары 1371 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Сонымен қатар тұрғындардан түскен 189 арыз-шағым қаралып, заң аясында тиісті шешімдер қабылданды.

Жалпы полиция бөлімінің жеке құрамымен бес ай ішінде 2294 құқық бұзушылық анықталды. Бұл құқықтық тәртіпті сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Әкімшілік айыппұлдарды өндіру бойынша да нәтижелі жұмыс бар. Биылғы бес айда 13,7 миллион теңгеден астам айыппұл салынып, оның 77,1 пайызы өндірілді.

– Қазіргі таңда полиция қызметкерлерінің алдында қандай міндеттер тұр?

– Мемлекет басшысы жариялаған «Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру – біздің басты міндетіміз. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтарын қорғау, құқық бұзушылықтардың алдын алу және халықпен ашық диалог орнату жұмыстары жалғаса береді.

Полицияның тиімді қызметі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Сондықтан тұрғындарды заң талаптарын сақтауға, қоғамдық тәртіпті нығайтуға және құқық бұзушылықтарға бейжай қарамауға шақырамыз.

– Қазақстан полициясы күні қарсаңында әріптестеріңізге қандай тілегіңіз бар?

– Барша полиция қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын. Ел тыныштығы мен халық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Қызметтеріңізге абырой, ел сеніміне лайық бола беріңіздер!

Сұхбаттасқан: аудандық газеттің редактор – бас редакторы Қасымбекова Ләззат ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Базарбаев Дидар Серікұлы 1989 жылы желтоқсан айының 14 күні Алматы қаласында дүниеге келген. 1996 - 1999 жылы Жансүгіров ауылындағы Қ.Сатбаев атындағы орта мектепте оқыған. 1999 - 2004 жылдары Сағабүйен ауылындағы Т.Тоқтаров атындағы орта мектепті оқып, 2005 - 2007 жылы Талдықорған қаласындағы №12 орта мектепті бітірген. 2007 – 2009 жылдары Семей қаласындағы ҚР ІІМ құқықтану колледжін «құқық қорғау қызмет» мамандығымен аятаған. 2009 жылдан бері ҚР ІІО қатарында қызмет атқарып келеді. Арнайы атағы полиция подполковнигі. Ішкі істер органдары қызмет атқару барысында біршама басшы құрам лауазымында қызмет атқарған.

Басшы құрам лауазымына 2018 жылдан бастап Қаратал ауданы ПБ бастығының орынбасары лауазымына тағайындалып, 2021 жылы Панфилов ауданы ПБ бастығының орынбасары лауазымына тағайындалған. 2024 жылы Талдықорған қаласы ПБ Анықтау бөлімінің бастығы болды.

2025 жылы тамыз айында Ақсу ауданы ПБ бастығы лауазымына тағайындалып қызмет атқаруда. Отбасы жағдайына тоқталсақ, үйленген, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Ендеше, 23 маусым – Полиция қызметкерлері күніне орай аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Дидар Серікұлы Базарбаев пен «Ақсу өңірі» ЖШС аудандық газетінің редактор - бас редакторы Ләззат Қалмұхамбетқызы ҚАСЫМБЕКОВАНЫҢ "Заң мен тәртіп" аясында жүргізген сұхбатын ұсынып отырмыз.

Ақ халатты абзал жандарға құрмет

Адам өмірінен асқан қымбат құндылық жоқ. Ал, сол өмірдің сақшысы болып, денсаулықты қорғау жолында аянбай еңбек ететін дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қоғамдағы орны ерекше. Халқымыз ежелден «Бірінші байлық – денсаулық» деп бағалап, жанға шипа сыйлаған ақ халатты абзал жандарды құрмет тұтқан. Бүгінде де медицина мамандарының еңбегі елдің амандығы мен ұлт саулығының кепілі болып отыр.

Қазақстанда денсаулық сақтау саласын дамыту, халыққа сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет көрсету мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі саналады. Соңғы жылдары медициналық мекемелер жаңартылып, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуде. Дәрігерлердің кәсіби біліктілігін арттыруға, тұрғындардың денсаулығын жақсартуға бағытталған маңызды бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы өз Жолдауларында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру мәселесіне әрдайым ерекше назар аударып келеді.

Осы игі бастамалардың жалғасы ретінде өткен аптаның соңында Ақсу ауданындағы «Қобызшы Молькбай» атындағы мәдениет үйінде Медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты мерекелік жиын өтті. Адам өміріне араша түсіп, халық денсаулығын қорғау жолында қызмет етіп жүрген сала мамандарына арналған бұл шара ерекше мазмұнға ие болды.

Мерекелік жиында аудан әкімі Берік Тынышбайұлы Тынышбаев сөз сөйлеп, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтады. Өз сөзінде аудан басшысы медицина мамандарының жауапты әрі



абыройлы еңбегін ерекше атап өтіп, олардың күнделікті қызметі үлкен ерлік пен төзімділікті талап ететінін жеткізді. Сондай-ақ, тұрғындардың денсаулығын жақсарту жолындағы қажырлы еңбектері үшін ақ халатты абзал жандарға алғысын білдірді.

Салтанатты шара барысында денсаулық сақтау саласының дамуына елеулі үлес қосып жүрген бірқатар қызметкерлер марапатталды. Халық денсаулығын сақтау ісіндегі мінсіз адал еңбегі, азаматтардың денсаулығын қорғауға қосқан жеке үлесі және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін сала мамандарына Жетісу облысы денсаулық сақтау басқармасының «Құрмет грамоталары» табысталды. Сонымен қатар аудан әкімінің «Алғыс хаттары» мен аудандық мәслихаттың «Мадақтама қағаздары» беріліп, олардың көп жылғы жемісті еңбектері жоғары бағаланды.

Марапат иелері арасында дәрігерлер, орта буын медицина қызметкерлері, жедел жәрдем ма-

мандары және денсаулық сақтау саласының басқа да өкілдері болды. Бұл марапаттар – тек жеке жетістіктің ғана емес, аудан медицинасының дамуына қосылған ортақ еңбектің нәтижесі екені атап өтілді.

Мерекелік шараның соңы аудан өнерпаздарының әсерлі концерттік бағдарламасына ұласты. Өсем әндер шырқалып, күмбірлеген күйлер орындалды. Өнер ұжымдарының жарқын өнері жиынға қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, мерекелік кештің сәнін келтірді.

Ақ халатты абзал жандардың еңбегі – әрдайым құрметке лайық. Адам өмірі мен денсаулығын қорғауды басты парызы санайтын медицина қызметкерлерінің кәсіби шеберлігі мен адал еңбегі қоғам үшін өлшеусіз құндылық болып қала береді. Олардың жанкешті қызметі мен мейірімді жүректері талай жанға үміт сыйлап, өмірге деген сенімін нығайта түсуде.

Ербол ӘБДІКӨРІМҰЛЫ.

ӘКЕГЕ ҚҰРМЕТ – ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Ақсу ауданында Әкелер күніне орай «Әкелер форумы» ұйымдастырылып, отбасы құндылықтарын дәріптеуге арналған мазмұнды басқосу өтті. М.Байсақұлы атындағы мәдениет үйінде өткен тағылымды шараға ауданның ардақты әкелері, зиялы қауым өкілдері, ұстаздар, қоғам белсенділері мен жастар қатысты.

Форумның негізгі мақсаты – өкениң отбасы мен қоғамдағы рөлін айқындау, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін насихаттау, ұлттық құндылықтарды ұлықтау және өнегелі әкелердің тәжірибесін көпшілікке үлгі ету.

Шараның ашылуында Ақсу аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Алмат Алмасұлы сөз сөйлеп, өкениң отбасы тәрбиесіндегі орнына ерекше тоқталды. Ол өз сөзінде отбасы – қоғамның алтын қазығы екенін, ал сол отбасының берекесі мен бірлігін сақтауда өкениң жауапкершілігі айрықша екенін атап өтті. Сондай-ақ, ұлт болашағы саналатын жас ұрпаққа дұрыс тәрбие беру жолында өкениң орны бөлек екенін айтып, мұндай тағылымды шаралардың тәрбиелік мәні зор екенін жеткізді.

Форум барысында аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбаев сөз алып, өкениң отбасыдағы орны мен ұрпақ тәрбиесіндегі рөліне кеңінен тоқталды. Ол өкениң тек шаңырақ иесі ғана емес, балаға бағыт-бағдар беретін, өмірлік ұстаным қалыптастыратын тұлға екенін атап өтіп, бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде ұлттық тәрбие мен отбасылық құндылықтардың маңызын ерекше атап өтті. Сонымен қатар, жастарға ізгілік пен жауапкершілік дарытуда аға буынның өнегесі мен әке тәрбиесінің орны қашанда биік екенін жеткізді.

Шарада арнайы шақырылған спикерлер – ақын, Мемлекеттік «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жетісу облыстық филиалының төрағасы Жангелді Немеребаев пен тележүргізуші, ақын Сағи Асанханов сөз алып, өкениң қоғамдағы беделі, ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігі және ұлттық тәрбиенің маңызы жөнінде мазмұнды ой қозғады. Спикерлердің тағылымды әңгімелері қатысушыларға үлкен ой салды.

Жиын барысында өкениң отбасындағы орны, бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, ұлттық құндылықтарды ұрпақ бойына сіңірудегі рөлі кеңінен талқыланды. Қатысушылар өзара пікір алмасып, қазіргі қоғамдағы әке тәрбиесінің маңыздылығы жөнінде ой бөлісті. Форум аясында айтылған тағылымды ойлар мен тәрбиелік мазмұндағы пікірлер көпшілік тарапынан зор қолдау тапты.

Шара соңында форумға белсенді қатысушыларға сертификаттар табысталып, сұрақ-жауап алаңы ұйымдастырылды. Басқосу естелік суретке түсумен қорытындыланды.

Ақсу ауданында өткен «Әкелер форумы» – өкениң отбасы мен қоғамдағы орнын айшықтап, ұрпақ тәрбиесіндегі жауапкершілігін дәріптеген мазмұнды шара болды. Мұндай тағылымды кездесулер отбасы институтын нығайтып, ұлттық тәрбиені ұлықтауға, жас буынға дұрыс бағыт - бағдар беруге ықпал етері сөзсіз.

Мағжан ШЫНДӘУЛЕТ.



ОТБАСЫН ҚОЛДАУ
ОРТАЛЫҒЫ
ЦЕНТР ПОДДЕРЖКИ
СЕМЬИ

19 маусым күні Әкелер күніне орай «Ақсу ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нің «Жанұя» отбасын қолдау орталығы КММ ұйымдастыруымен отбасы құндылықтарын насихаттауға, өкениң қоғамдағы және отбасындағы мәртебесін арттыруға бағытталған бірқатар тағылымды іс-шаралар өткізілді. Алғашқы болып «М.Байсақұлы» атындағы аудандық мәдениет үйінде «Әке – отбасының тірегі» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – өкениң отбасы мен қоғамдағы маңызды рөлін дәріптеу, бала

"ӘКЕ – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ" АТТЫ ТАҒЫЛЫМДЫ ІС-ШАРАЛАР ӨТТІ



тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, отбасы құндылықтарын насихаттау және өнегелі әке бейнесін үлгі ету.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылар өкениң

маңызы туралы тағылымды ойлар айтылып, қатысушылар өз пікірлерімен бөлісті.

Іс-шаралар легі кейін Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жалғасын тапты. Мұнда «Жанұя» отбасын қолдау орталығының «Ашық есік күні» ұйымдастырылып, тұрғындарға орталықтың қызмет бағыттары мен көрсетілетін әлеуметтік, психологиялық және құқықтық қолдау түрлері таныстырылды. Мамандар келушілердің сұрақтарына жауап беріп, кеңес берді.

Сонымен қатар, «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт

үлгісін көрсетіп, салауатты өмір салтын насихаттауға өз үлестерін қосты.

Жарыс қорытындысы бойынша I орын – Дүйсенхановтар отбасы (Б.Сыртанов ауылдық округі);

II орын – Жексембаевтар отбасы (Көшкентал ауылдық округі);

III орын – Жинақовтар отбасы (Есеболатов ауылдық округі) ие болды.

Шара соңында жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар марапатталып, қатысушыларға көтеріңкі көңіл - күй сыйланды. Әкелер күні аясында ұйымдастырылған бұл іс - шаралар отбасы құндылықтарын дәріптеуге, әкелердің қоғамдағы және отбасындағы рөлін арттыруға және отбасы институтын нығайтуға өз үлесін қосты.

Әке – отбасының қорғаны,



бала тәрбиесіндегі орны, отбасы мүшелерінің өзара жауапкершілігі, ұлттық құндылықтарды сақтау және отбасы бірлігін нығайту мәселелері төңірегінде пікір алмасты. Кездесуде өкениң отбасы берекесін сақтаудағы

бөлімі» мемлекеттік мекемесімен бірлесіп отбасылық спорттық жарыс өткізілді. Жарысқа ауданның әр ауылдық округтерінен келген отбасылар қатысып, өзара бақ сынады. Қатысушылар ұйымшылдық пен белсенділіктің

баланың тірегі, шаңырақтың берекесі.

С.АЙМҰХАНОВА
бұқаралық ақпарат
құралдарымен және
жұртшылықпен жұмыс
маманы.

Кең байтақ Жетісу — тарихтың тал-сырын қойнауына бүккен қасиетті мекен. Өңірден Ұлы Жібек жолы өткен. Ғасырлар бойы шығыс пен батысты жалғаған керуендер арқылы сауда, мәдениет, өнер, білім мен ғылымды дамыды. Бүгінде сол заманның куәгерлері болған қалалар мен қоныстардың орны археологиялық ескерткіштер ретінде зерттеліп, өткеннің көмескі беттерін ашуға мүмкіндік туып отыр. Соңғы жылдары ғалымдардың ерекше назарын аударған Ақсу ауданындағы Қапал-Қызылағаш 1 ортағасырлық қаласы. Жер астынан табылған қалаға археологтар Қапал-Қызылағаш деп ат қойды. Қала Х-ХІІ ғасырларға тиесілі деген болжам бар. Әзірге қаланың шын аты белгісіз. Қапал-Қызылағаш деп атауы қаланың екі елдімекеннің ортасында орналасуына байланысты. Оның үстіне дәл қаланың қасынан Қызылағаш өзені өтіп жатыр. Бір қарағанда қарапайым ғана төбешіктердің орнында ғасырлардан жеткен, қойнауына сыр бүккен тарих жатыр. «Ең қызығы — осы уақытқа дейін ғылыми әдебиеттерде де, тарихи деректерде де айтылмай келген қалашық зерттеушілер үшін ерекше жаңалық болды. Қапал ауылынан солтүстік-шығысқа қарай жеті шақырым қашықтықта орналасқан ескерткіш бірнеше шағын өзендердің тоғысқан тұсында. Қазіргі кезде айналасы сазды алқапқа айналған. Оның үстіне кеңестік кезеңде бақша салынып, егістікке пайдаланылған. Кейін шаруашылық үшін арықтар тартылып, техникалар жүргендіктен ескерткіштің кей бөліктері бүлінген. Соған қарамастан қаланың негізгі құрылымдары сақталып, ортағасырлық тарихтың жаңа бетін ашуға мүмкіндік берді», — дейді Ринат Серікұлы.

Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих ғылымдарының кандидаты, археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі Ринат Жұматаев жетекшілік ететін ғылыми топ Қапал-Қызылағаш 1 қаласында жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Жыл сайын алынған жаңа деректер ескерткіштің ғылыми маңызын арттырып келеді. Ал, 2026 жылғы далалық маусым зерттеулердің ауқымын кеңейтіп, қалашықтың беймәлім болып келген көптеген қырларын ашуға жол ашты. Ұлы Жібек жолының тарихын сөз еткенде көбінесе Тараз, Қойлық, Отырар секілді белгілі қалалар аталады. Алайда, керуендердің ұзақ сапар шегуі үшін дамылдап алатын қалалар мен бекеттердің болмауы мүмкін емес еді. Қапал — Қызылағаш қаласы дәл осындай маңызды мекеннің бірі болуы ықтимал. Өйткені, оның орналасқан жерінің ауасы қоңыр салқын. Кең даласы керуендердің көлігін суытып, көшін қондырып, бірнеше күн дамылдап алуына ыңғайлы. Бірнеше өзеннің тоғысқан тұсы. Қала тұрғындарының егіншілік, мал шаруашылығымен айналысуына тиімді. Біз археологтардың жұмысымен танысуға барғанда да шаһар орнының жаңа жайлылығына көз жеткіздік. Қызылағаш өзені өтетін алқап өмір сүруге қолайлы. Шағын тұмалар да бар екен. Сулы жер — нулы жер. Көк шөп бөлуардан. Жайылымға да қолайлы. Таудан соққан самал желмен тыныстап, кең алқапта үй салып, тұрмыс кешуге де жайлы. Жібек жолымен жүріп өтетін жолаушылардың бағыты айқындалады. Жол бойында Шыңбұлақ, Тамшыбұлақ, Ақсу, Бүйен сияқты бірнеше өзендер кездеседі. Сондықтан қала жайлы жерге салынған екен. Көк желекті аймақтан біз де қайтқымыз келмей қалды. Бұл аталмыш шаһардың құтты мекен болғанын айқындайды. Бір байқағанымыз, қалашық өртенген сияқты. Өйткені, үйлердің ағашпен бөлінген жерлері күйіп кеткен. Сондай-ақ, құрылысқа бірнеше түрлі топырақ пайдаланылған. Бір жері қара топырақ, қабырғаларының топырағына әртүрлі қосындылар қосқан, яғни, қабырғалары мықты болу үшін құрылыс материалы арнайы кәсіби тәсілмен жасалған, еденіне ақ түсті үгітімейтін тастар төселген.

Археологтардың мәліметінше, қалашық сыртынан қамалмен қоршалған. Қорғаныс құрылыстарының жалпы ұзындығы жүздеген метрге созылады. «Қамал бойында орналасқан мұнаралардың диаметрі 10-15 метр аралығында. Кейбір мұнаралардың арақашықтығы дәлме-дәл сақталғаны ортағасырлық құрылысшылардың жо-спарлау ісін жақсы меңгергенін көрсетеді. Қалашықтың оңтүстік-батыс бөлігінде негізгі қақпа орналасқан. Қақпадан басталатын жол қаланың орталық бөлігіне қарай бағытталады. Бүгінде оның ізі төбе болып үйіліп сақталған.

Қаланың дәл ортасында орналасқан цитадель ерекше назар аударады. Бұл ортағасырлық қалалардағы ең мықты

Қапал маңынан ортағасырлық қаланың орны табылды

Гүлжан ТҰРСЫН.

бөкініс. Ол қаланың ең биік жеріне салынады. Қорғаныс — жау шабуыл жасаған жағдайда тұрғындар мен билеушілер паналайтын орын. Ортағасырда цитадельде хан, патша, әскери қолбасшының сарайы орналасқан. Қаланың сыртқы қорғаны бұзылса да ол соңғы қорғаныс шебі ретінде қолданылған. Қапал Қызылағаш қаласы атаған қалашық оңай-оспақ мекен болмағаны бөкіністің мықтылығынан, әлі күнге сақталғанынан байқалады. Зерттеушілердің айтуынша, ұзындығы 80 метр, ені 75 метрге жететін бұл құрылыс ортағасырлық қаланың әкімшілік әрі саяси орталығы болғанға ұқсайды. Биыл археологтар дәл осы орталық бөлікте қазба жұмыстарын жүргізіп, қабырғалардың қалдықтарын анықтады. Сонымен қатар, қорғаныс мұнараларының бірінде зерттеу жүргізіліп, қаланың құрылыс ерекшеліктеріне қатысты құнды мәліметтер алынған.

Археология жақында өте көп көлемде керамикалық бұйымдарды анықтады. Қыш ыдыстардың сынықтары ғана емес, олардың әртүрлі бөліктері жақсы сақталған. Зерттеуші Ринат Серікұлының айтуынша, қыш ыдыстардың сапасы жақсы. Яғни, мұндай тұрмыстық заттарды әдетте дәулетті, бай-бағландар тұтынған. Керамика — археологтар үшін

өткен дәуірдің төлқұжаты іспетті. Оның пішіні, өрнегі, жасалу технологиясы арқылы белгілі бір кезеңнің мәдениетін, шаруашылығын, тіпті тұрғындардың әлеуметтік жағдайын анықтауға болады. Қапал — Қызылағаштан табылған керамикалық бұйымдардың ішінде астық пен су сақтауға арналған үлкен хұмдар, шүмекті құмыралар, терең тостағандар, тұрмыстық шырағандар және басқа да көптеген ыдыс түрлері бар. Хұмдардың биіктігі 1-2 метрге дейін жететін болған. Оларды қыштан жасап, жерге жартылай көміп қойған. Оған астық, ұн, май, азық-түлік сақтаған. Кейде шарап, су-сын ашытуға пайдаланған. Мұндай үлкен көлемді қыш ыдыстарды көбінесе ауқатты адамдардың отбасы ұстаған. Шаһар орнынан табылған жәдігерлерден мұнда беделді адамдардың тұрғанын бағамдаймыз. Яғни, қала дәулетіне сәулеті сай мекен болған.

Әсіресе, сырланған шырақтың табылуы зерттеушілерді қызықтырып отыр. Орта ғасырларда мұндай бұйымдар қарапайым халықтың күнделікті тұрмысында жиі кездесе бермеген. Кіреукемен (Эмаль) сырланған заттар қымбат бағаланған және көбіне ауқатты адамдардың иелігінде болған. Кіреукені шыны, әшекей бұйым, шәйнек бетіне жақан. Ол ыдысты тот

басудан сақтайды. Сондықтан мұндай олжалар қалашық тұрғындарының әлеуметтік құрылымы туралы мәлімет береді. Қазба жұмыстары кезінде сүйектен жасалған арнайы құралдардың табылуы да үлкен қызығушылық туғырып отыр. Ғалымдардың пайымдауынша, бұл құралдар шикі сазға өрнек түсіру үшін қолданылған. Демек, ортағасырлық шеберлер қыш жасау өнерін жоғары деңгейде меңгерген. Олар тұрмыстық қажеттілікті өтеп қана қоймай, бұйымдарға көркемдік сипат беруге де ерекше мән берген.

Қапал-Қызылағаштағы зерттеулердің тағы бір маңызды бағыты — археоботаника. Биыл мұнда алғаш рет ежелгі өсімдік қалдықтарын зерттеуге арналған арнайы жұмыстар қолға алынды. Бұл бағыт археология ғылымында соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Өйткені, ежелгі адамдар пайдаланған тұқымдар мен өсімдік қалдықтары олардың шаруашылығы мен қоршаған ортасы туралы мәлімет береді. Зерттеу үшін үлгілер ошақ орындары мен қоқыс шұңқырларынан алынды. Осыдан кейін флотация әдісі қолданылды. Флотация дегенді қарапайым тілмен айтатын болсақ, пайдалы қазбаларды, яғни, бағалы минералдарды арнайы технология арқылы көбік бетіне қалқытып шығару әдісі. Бұл — мыс, қорғасын, мырыш, алтын кендерін өңдеу кезінде қолданылатын тәсіл. Арнайы технология арқылы топырақ арасындағы тұқымдар мен өсімдік қалдықтары бөлініп алынды. Қазіргі кезде бұл жерден табылған материалдар зертханалық талдауға дайындалуда.

Бұл жұмыстар Германиядан келген археоботаника маманы Кристиан Лейптің қатысуымен жүргізілуде. Халықаралық ғылыми ынтымақтастықтың арқасында Қапал-Қызылағаш қалашығынан алынған материалдар заманауи әдістермен зерттелуде. Қазба орнына арнайы барған сапарымызда, Кристиан Лейппен сөйлесудің сәті түсті. Археологтың шатырында германиядан келген зерттеушімен сұхбаттастық. «Болашақта бұл зерттеулер ежелгі тұрғындардың қандай дақылдар өсіргенін, қай өсімдіктерді азық ретінде пайдаланғанын және сол кездегі табиғи-климаттық жағдайдың қандай болғанын анықтауға мүмкіндік береді. Археозоология ілімі арқылы тұрғындардың шаруашылығы мен тағамдық мәдениетін анықтаймыз.

Қапал-Қызылағаш қаласындағы қазба жұмыстары барысында 941 жануар сүйегі есепке алынды. Бұл — өңірдегі ортағасырлық ескерткіштер үшін айтарлықтай көлемді материал, — дейді германидан келген зерттеуші.

Зерттеу нәтижесінде ірі қара, қой-ешкі, жылқы, түйе, ит, бұғы, елік және құс сүйектері анықталған. Ең көп үлесті ірі қара мал сүйектері құрайды. Бұл қалашық тұрғындарының өмірінде мал шаруашылығы маңызды орын алғанын көрсетеді. Сонымен қатар жылқы мен түйе сүйектерінің табылуы Ұлы Жібек жолы бойындағы көлік қатынасының да дамығанын аңғартады. Жабайы жануар сүйектерінің өте аз кездесуі тұрғындардың негізгі кәсібі аңшылық емес, мал шаруашылығы болғанын дәлелдейді. Ал, сүйектердің басым бөлігінің етті мүшелерге тиесілі болуы тұрғындардың тұтынған тағамында ет өнімдерінің маңызды орын алғанын көрсетеді.

«Қапал-Қызылағаш» қалашығындағы зерттеулер әзірге бастапқы кезеңде. Дегенмен алғашқы нәтижелердің өзі бұл ескерткіштің Жетісу өңірінің ортағасырлық тарихын зерттеуде ерекше орын алатынын көрсетіп отыр. Әрбір табылған қыш сынығы, көмірленген тұқым, жануар сүйегі бізге ғасырлар бұрын осы жерде өмір сүрген адамдардың тыныс-тіршілігін көз алдымызға әкеледі.

Қапал-Қызылағаш қаласы ерекше үміт күттіретін ескерткіштердің біріне айналды. Ғасырлар бойы үнсіз жатқан көне қаланың топырақ астынан шыққан әрбір дерегі өңір тарихының жаңа тарауын жазуға мүмкіндік беруде.

Алдағы жылдары жүргізілетін зерттеулер бұл қаланың нақты атауын, оның Ұлы Жібек жолы жүйесіндегі орнын, тұрғындардың этникалық құрамын және өңір тарихындағы рөлін анықтауға жол ашады. Бірақ бір нәрсе анық: Қапал-Қызылағаш қаласы — Жетісудың ғана емес, бүкіл қазақ даласының ортағасырлық өркениетін таныта-тын аса құнды тарихи мұра. Ал бүгінгі археологтардың еңбегі сол мұраны ғылыми айналымға енгізіп, келер ұрпаққа жеткізу жолындағы маңызды қадам болып табылады. Ғасырлар қойнауынан жеткен үнсіз тарихтың тілі шығып келеді. Сол үнді тыңдау — өткенді құрметтеп, болашақты танудың бір жолы.



"АДАЛДЫҚ. ПАРАСАТТЫЛЫҚ. СЕНІМДІЛІК" АТТЫ ТАҚЫРЫПТА КЕЗДЕСУ



Ағымдағы жылдың 22 маусым күні сағат «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ және «Жетісу жастары ұйымының Конгресі» ЖҚБ ұйымдастыруымен «Ақсу ауданында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» жобасы бойынша Ақсу ауданы, «М.Байсақұлы» атындағы мәдениет үйінде «Адалдық. Парасаттылық. Сенімділік.» атты тақырыпта кездесу өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, адалдық пен парасаттылық қағидаттарын насихаттау, мемлекеттік қызметтегі ашықтық пен сенімділікті арттыру, сондай-ақ, жастар мен тұрғындардың құқықтық сауаттылығын көтеру болды.

Кездесуге спикер ретінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының басшысы Бекбұлғанов Ринат Қайрошұлы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Үйсімбеков Ақан Абайұлы қатысты.

Спикерлер сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мемлекеттік қызметшілердің әдеп қағидаларын сақтау, қоғамда адалдық мәдениетін қалыптастыру, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бағытындағы мемлекеттік саясат туралы кеңінен баяндап, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, олар күнделікті өмірде кездесетін құқықтық жағдайларға қатысты практикалық кеңестер беріп, пайдалы ақпаратпен бөлісті.

Кездесуге «Ақсу ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» ММ басшысы Сайлаубеков Алмат Алмасұлы және Ақсу ауданы прокурорының орынбасары Арнұр Саятұлы қатысып, қоғамда заң үстемдігін қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың маңыздылығы және азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөнінде өз пікірлерін білдірді.

Іс-шара барысында қатысушылар спикерлермен ашық пікір алмасып, өздерін толғандырған сұрақтарға жан - жақты жауап алды. Кездесу еркін диалог форматында өтіп, құқықтық сауаттылықты арттыруға және қоғамда адалдық қағидаттарын нығайтуға бағытталған маңызды алаңға айналды.

Гүлім ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

БІРЖАН МЕН САРА АЙТЫСЫ – ҰЛТТЫҚ СӨЗ ӨНЕРІНІҢ МУЗЕЙЛІК ҰЛГІСІ

Қазақ халқының рухани мұрасында айтыс өнерінің алар орны ерекше. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, арман-мүддесін, дүниетанымы мен салт-дәстүрін ұрпақтан ұрпаққа жеткізген айтыс – ұлттық сөз өнерінің биік шыңы. Ал, сол дүбірлі сөз сайыстарының ішіндегі шоқтығы биігі, көркемдік пен тапқырлықтың теңдессіз эталоны – «Біржан мен Сара айтысы» қазақ әдебиетінің інжу-маржаны, шешендік өнерінің алтын қоры, мәңгілік жәдігері саналады.

XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі ақындар Біржан сал Қожағұлұлы мен Ақын Сара Тастанбекқызы арасындағы бұл айтыс көркемдігімен, терең мазмұнымен және әлеуметтік мәселелерді көтеруімен құнды. Айтыс-та қазақ қоғамындағы әйел теңдігі, адам еркіндігі, өнер мен әділдік тақырыптары кеңінен қозғалады. Сараның өткір ойы, шешендігі мен ақындық дарыны қазақ қыздарының білімділігі мен қайсарлығын айқын көрсетеді. Бұл айтысты «музейлік жәдігер» ретінде бағалайтынмыздың тағы бір себебі, онда өз заманының ең өзекті әлеуметтік мәселелері тасқа таңба басқандай сақталып қалған. Бұл айтыста сол кездегі қазақ әйелінің бас бостандығы, теңсіздік мәселесі ашық айтылады. Сараның әлсіз тұсы Жиенқұл сияқты өзіне тең емес адамға атастырылуы екендігін білген Біржан салға Сара жеңісті өзі ұсынады. Бірақ осы сөз сайысында жеңіліс тапса да Ақын Сара айтыстан кейін жеке өмірінде Жиенқұлдан азат болып, «азат қыз» атанып, өз қалауымен тұрмысқа шығады.

Біржанның Сараны қорғап, оның өнерін жоғары бағалауы – жеке бастың емес, бүкіл қоғамның дертін қозғау еді. Осы тұрғыдан алғанда, айтыс XIX ғасырдағы қазақ қоғамының



тұрмыс-салтын, әлеуметтік психологиясын зерттейтін тірі тарихи құжат іспетті. Бұл – бүгінгі жаһандану заманында өзіміздің ұлттық болмысымызды жоғалтпай, тіл тазалығын сақтау үшін қайта-қайта бұрылып соғатын рухани аялдамамыз.

Бүгінде «Біржан мен Сара айтысы» тек әдеби мұра ғана емес, ұлттық мәдениеттің маңызды жәдігері ретінде де бағаланады. Айтыс мәтіндері, ақындарға қатысты тарихи деректер мен музей қорларында сақталған жәдігерлер халқымыздың бай рухани қазынасын танытады. Әсіресе, Ақын Сараның мемуаралды музейінде сақталған экспонаттар ақын өмірі мен шығармашылығын зерттеуге, келушілерді ұлттық әдебиет тарихымен таныстыруға мекендік береді. Музей экспозицияларында ұсынылған материалдар арқылы келушілер айтыс өнерінің ерекшелігімен танысып қана қоймай, қазақ халқының сөз қадірін жоғары бағалағанын, ақындық өнерді ұлттың рухани тірегі ретінде қабылдағанын терең түсінеді. Бұл тұрғыда «Біржан мен Сара айтысы» музейлік

кеңістікте ұлттық болмыс пен тарихи сананы қалыптастыратын маңызды мәдени мұра ретінде көрініс табады. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен жас ұрпаққа насихаттауда «Біржан мен Сара айтысының» маңызы зор. Ол – халқымыздың сөз өнерінің құдіретін, ақындық дәстүрінің өміршеңдігін және рухани мұрасының мәңгілік екенін дәлелдейтін теңдессіз туынды. Сондықтан да «Біржан мен Сара айтысы» – қазақтың ұлттық сөз өнерінің музейлік үлгісі, ұлт руханиятының алтын қазынасы болып қала береді.

Қорытындылай келе «Біржан мен Сара айтысы» – жай ғана екі ақынның сайысы емес, ол – уақыт шаңы баспайтын, қайта жылдар өткен сайын құндылығы арта түсетін ұлттық сөз өнерінің халықтық жәдігері. Осы асыл мұраны көздің қарашығындай сақтап, келешек ұрпақтың санасына сіңіру – бүгінгі күннің басты міндеті.

Айдана АБУОВА, Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ОКРУГ БОЙЫНША ЖЕРГІЛІКТІ САЛЫҚТАРЫ (КӨЛІК САЛЫҒЫ) БОЙЫНША 50 МЫҢНАН ЖОҒАРЫ БЕРЕШЕГІ БАР САЛЫҚТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

№	Аты-жөні	Округ	Қарызы	№	Аты-жөні	Округ	Қарызы
1	ИНТЫМАКОВ АИТМУКАМЕТ БЕКТУРСЫНОВИЧ	Ақсу	55 048	47	РАХАТҰЛЫ ОЛЖАС	Жансүгіров	72 231
2	АУТОВ АЛМАС ТУРСЫНОВИЧ	Ақсу	56 230	48	БОПЕНОВ ЕРЛАН НҰРЛАНҰЛЫ	Жансүгіров	153 447
3	СТАРОДУБОВ СЕРГЕЙ ВЛАДИМИРОВИЧ	Ақсу	148 282	49	АЛЫБАЕВ НУРЛАН ЖАНАТОВИЧ	Жансүгіров	109 505
4	БАЛДЕНОВ САМАТ КЕНЖЕБОЛАТОВИЧ	Ақсу	464 943	50	БҮРКІТБЕК БАХЫТӨЛІ	Жансүгіров	103 650
5	ТУКЕНОВ АЗАМАТ МУРАТОВИЧ	Ақсу	110 061	51	СЕТЕШ ҚАСТЕР	Жансүгіров	463 166
6	БЕЛЯЛОВА ДИНАРА ҚАИРБЕКҚЫЗЫ	Ақсу	65 623	52	ЖҰМАБЕК АЛМАС	Жансүгіров	54 242
7	КУШКУЛАКОВА МИРАМКУЛЬ НЫСАНБАЕВНА	Арасан	204 823	53	КУШЖАНОВА ДИАНА СОВЕТАЕВНА	Жансүгіров	317 798
8	ЖЕКЕБАЙ БЕКҚОЖА	Б.Сырттанов	89 423	54	НУРГАЛИЕВА АЙГУЛЬ ТАЛГАТОВНА	Жансүгіров	50 670
9	БАЙДИЛДАНОВ ЕРЛАН КАЛИХАНОВИЧ	Б.Сырттанов	116 978	55	УАЛИЕВА АЯУЛЫМ ЖЕКЕМБЕКҚЫЗЫ	Жансүгіров	123 860
10	ТОЛЕУБЕКОВ БАУЫРЖАН ШАЙДАНБЕКОВИЧ	Егінсу	174 273	56	АРГЫНБАЕВ ГАЛЫМЖАН МЕДЕТБЕКОВИЧ	Жансүгіров	78 605
11	МОЛДАБАЙ БЕРІК	Есеболатов	52 014	57	ЮСУПОВ МАКСАТ САЛАХАТОВИЧ	Жансүгіров	58 345
12	КУШАЙКАН БАРАН	Есеболатов	103 426	58	КУСТИТАНОВ АЙДЫН АКАЙДАРОВИЧ	Жансүгіров	72 844
13	НЫСАМБАЕВ МАДИЯР БОСТАНОВИЧ	Есеболатов	53 689	59	БОЛЫСБЕКОВ БОРАН БОЛАТБЕКОВИЧ	Жансүгіров	53 973
14	ТӨКЕН ҚАЗЫБЕК	Жансүгіров	184 401	60	БАЙБОЛОВ ЖАКСЫЛЫК АСХАТОВИЧ	Жансүгіров	61 780
15	ОРЫСБЕК ШЫҒЫС ҚАСЫМХАНҰЛЫ	Жансүгіров	96 469	61	ТОКТАУОВ ДАРХАН СОВЕТХАНОВИЧ	Жансүгіров	199 087
16	БАСЫМБЕКОВ КАЙРАТ ИМАШЕВИЧ	Жансүгіров	66 539	62	ИСКАКОВ МАЛИК КАНИБЕКОВИЧ	Жансүгіров	453881
17	РАХИПБЕКОВ ГАЛИ МУРАТОВИЧ	Жансүгіров	182 866	63	МУКАШЕВ БАУЫРЖАН СЕРИКОВИЧ	Көшкентал	163 986
18	ДҮЙСЕМБАЕВ ЕСХАТ БЕИСБЕКОВИЧ	Жансүгіров	107 264	64	ҒАЛИ ЕРАСЫЛ ТАЛҒАТҰЛЫ	Көшкентал	54 278
19	МАШАНОВА АНДУГАШ БАЙДАУЛЕТОВНА	Жансүгіров	50 070	65	ЖИРОВА АНАСТАСИЯ ВАЛЕРИЕВНА	Қапал	629 258
20	БЕККОЖАНОВ САЛТАЙ КУСПАНОВИЧ	Жансүгіров	414 300	66	НУРТЛЕУОВ АСКАР АМАГЕЛЬДИЕВИЧ	Қапал	88 308
21	ЕФРЕМЕНКО ВЛАДИМИР ВИТАЛЬЕВИЧ	Жансүгіров	50 450	67	САЙЛЫБАЕВ МУРАТ КОЖАНУЛЫ	Қапал	130 830
22	ОСПАНГАЛИЕВ АНУАР ТОЛЕУБАЙЕВИЧ	Жансүгіров	58 094	68	ИВАШИНИНА СЮЗАНА СЕРИКОВНА	Қапал	56 681
23	ДОСТЫБАЕВ КАЙРАТ ТЛЕУГАБЫЛОВИЧ	Жансүгіров	174 586	69	ХАНАШ НҮРБОЛ	Қапал	51 153
24	БАЙДАУЛЕТ МҰРАТ	Жансүгіров	56 078	70	ӘБДУӨЙІСҰЛЫ ӨЛИНҰР	Қапал	72 702
25	ОЛЕНБАЕВ НУРТАЙ ТОЛЫБАЕВИЧ	Жансүгіров	72 423	71	МҰҚАТҰЛЫ ТҰРАН	Қапал	90 063
26	АБСЕМАТОВ БАУЫРЖАН АРГЫНОВИЧ	Жансүгіров	53 475	72	АТИБАЕВ ИЛЬЗАТ РИШАДОВИЧ	Қапал	79 788
27	ОРАЗБАЙ САМАУАТ	Жансүгіров	101 497	73	ОСПАНОВ ЕДИЛ КЫРГЫЗБАЙУЛЫ	Қапал	471 244
28	БЕЛОЗЕРОВ АЛЕКСАНДР ВЛАДИМИРОВИЧ	Жансүгіров	223 221	74	МАКСАТҰЛЫ АСХАТ	Қаракөз	347 130
29	САНСЫЗБАЕВ ЕРЖАН АСЫЛМУРАТОВИЧ	Жансүгіров	56 355	75	ИСАЕВ БАТЫРБЕК ЕРТАЕВИЧ	Қарасу	464 244
30	СЛАМБЕКОВ РИНАТ СЕРИКХАНОВИЧ	Жансүгіров	72 304	76	ТІЛЕУХАН ЕРЖАН	Қарасу	55 048
31	КЕНЖЕГАРАНОВ МЫРЗАБЕК МЫРЗАГАЛИЕВИЧ	Жансүгіров	152 637	77	ЖУМАТАЕВА ГУЛЖАУХАР КАРИЯКЫЗЫ	Қарашілік	60 373
32	ОРЫНБАСАРОВ ТАЛҒАТ ШАЙМЕРДЕНОВИЧ	Жансүгіров	72 759	78	ҚАМЗА ҚУАНДЫҚ	Қарашілік	522 603
33	БЕКБОСЫНОВ КАЙРАТ ОРАЗОВИЧ	Жансүгіров	62 863	79	УАЛИЕВ ЕЛАМАН АСХАТОВИЧ	Қарашілік	74 436
34	МУЗДЫБАЕВ АСКАР ТОҚТАРБЕКОВИЧ	Жансүгіров	68 557	80	САБУРОВ АЛМАСХАН КАМАЛБАЕВИЧ	Қызылағаш	156 947
35	КАЛДАРОВ САКЕН АБИШЕВИЧ	Жансүгіров	102 147	81	ӘБДІКЕРІМ ТӨКЕН	Қызылағаш	271 070
36	САМИХОВ БАУРЖАН МУХАМЕТКАРИМУЛЫ	Жансүгіров	97 512	82	АБЛАЙЕВ АЛИХАН АБЛАЙҰЛЫ	Қызылағаш	528 560
37	РАХИМОВ ЖЕНИС АЙТБАЕВИЧ	Жансүгіров	102 322	83	ЕЛШАТ БАЛҒЫН	Қызылағаш	464 943
38	УСЕНОВ ЕРБОЛ КАМЕТКАЛИЕВИЧ	Жансүгіров	70 588	84	МУСАЕВ ЖАРҚЫН ЖҰМАГЕЛЬДІҰЛЫ	Қызылағаш	157 616
39	ЖУМАГАЛИЕВ НУРСУЛТАН МЕНГАЛИЕВИЧ	Жансүгіров	271 951	85	МЕШЕЛОВ НУРСАТ БАКЫТЖАНОВИЧ	Қызылағаш	144 405
40	ЖЫЛКАЙДАРОВ МЕЙРЖАН ҚҰРМАНЖАНҰЛЫ	Жансүгіров	70 858	86	ТОҚТАРҚАН ЕРЛАН	Қызылағаш	52 784
41	ҚАСЫМБЕКОВ АСХАТ ЖАНАТҰЛЫ	Жансүгіров	53 202	87	ДАНИСБЕКОВА АЙДАНА ЕРЛАНОВНА	Матай	422 810
42	ӨСЕРБАЙ АЙДАР ДӘУІРҰЛЫ	Жансүгіров	56 327	88	САДЫКОВ ДАНЕКЕР ЛЕКЕРҰЛЫ	Матай	59 688
43	ТОҚЫШ БАҚЖОЛ	Жансүгіров	100 766	89	АБИШЕВ АЯН КЕНЖЕБАЕВИЧ	Ойтоған	1 287 124
44	АМИРОВ МАДИЯР НҰРҚАСЫМҰЛЫ	Жансүгіров	82 700	90	ЖУМАЙБЕКОВ ТАЛҒАТ ЕРКИНОВИЧ	Ойтоған	61 662
45	МАРЛАНОВА АСЕМ БАХЫТЖАНОВНА	Жансүгіров	82 696	91	ХАКИМЖАНОВ ДАУРЕН ГАЛИЕВИЧ	Суықсай	68 662
46	ҚҰРМАНБАЙ ЖАНАТБЕК	Жансүгіров	91 698	92	ОМЫШЕВ ЕРЛАН УКИБАЕВИЧ	Суықсай	129 949

АЗИЯНЫ БАҒЫНДЫРҒАН
АҚСУЛЫҚ ЖАС ӨРЕН



Ақсу ауданының спорт саласында тағы бір жарқын жетістік тіркелді. Қопа ауылындағы Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Өмірзақ Саяжан Қырғыз Республикасының астанасы Бішкек қаласында армрестлингтен өткен кадеттер арасындағы Азия чемпионатында топ жарып, ел мерейін үстем етті.

Азия құрлығының ең мықты жас спортшыларын жинаған байрақты бәсекеде Саяжан 40 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, қарсыластарының барлығын айқын басымдықпен жеңіп шықты. Нәтижесінде ол чемпиондық тұғырдың ең биік сатысына көтеріліп, алтын медальді иеленді. Осылайша жас спортшы «Азия чемпионы» атағына қол жеткізіп, Қазақстан Республикасының көк Туын халықаралық аренада асқақтатты.



додаға Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Үндістан, Пәкістан, Моңғолия және басқа да Азия мемлекеттерінен келген үздік спортшылар қатысып, өзара мықтыны анықтады. Мұндай деңгейдегі жарыста жеңіске жету спортшының жоғары дайындығын, табандылығын және үлкен еңбекқорлығын көрсетеді.

тынымсыз еңбек жатыр. Оның спорттағы алғашқы қадамынан бастап қолдап, шеберлігін шыңдап келе жатқан жаттықтырушысы – тәжірибелі бапкер Рахметов Бейсен ағай. Ұстаз бен шәкірттің бірлескен еңбегінің нәтижесі халықаралық аренада өз жемісін беріп отыр.

Саяжанның жеңісі тек Қопа ауылының ғана емес, бүкіл Ақсу ауданының, Жетісу өңірінің мақтанышына айналды. Бұл жетістік аудан жастарына үлгі болып, спортпен шұғылдануға деген қызығушылықтарын арттыра түсетіні сөзсіз.

Азия чемпионатындағы жарқын жеңістің арқасында Өмірзақ Саяжан Үндістан мемлекетінде өтетін Әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды. Ендігі мақсат – әлемдік додаға ел намысын абыроймен қорғап, Қазақстанның көк байрағын тағы бір мәрте жеңіс тұғырының төрінде желбірету.

Бүгінде Ақсу ауданының спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Солардың қатарын толықтырған жас чемпион Өмірзақ Саяжанның болашағынан зор үміт күтеміз. Оның табандылығы мен еңбекқорлығы алдағы уақытта да үлкен жеңістерге жетелейтіні анық.

Ақсу жұртшылығы жас спортшыны тарихи жеңісімен құттықтап, алдағы Әлем чемпионатында сәттілік пен толағай табыстар тілейді. Азия чемпионы атанған Саяжанның жеңісті жолы әлі де жалғаса бермек.

Ербол СЫМХАНОВ.

Ұлттық тәрбие –
ұлт болашағы

Халықтың өмір салтынан туындап отыратын қалыптасқан ережелер мен қағидалар жиынтығы бала тәрбиесінде қашанда маңызды болмақ. Осы себептен ұлттық сана негізінде қалыптасқан ұлттық тәрбиенің негіздерін жалпы ұрпақ тәрбиесі мәселесінде тиімді пайдалана білу бүгінгі уақыттың ең басты қажеттілігі деп санаймын.

Ұлттың болашағы оның ұрпағымен тікелей байланысты және екеуін бір - бірінен ажыратып қарауға болмайды. Демек, отбасында бала тәрбиесі бүгінгі таңда басты назардан шықпағаны дұрыс.

«Ана бір қолымен сәбиін тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді». Демек, ана сәбиін бесік жырымен тәрбиелеп қана қоймайды. Өр отбасындағы жас ана сәбиін халқымыздың күмбірлеген күйі, әуелген әуезді әні, асқақтаған айттысы, танды таңға ұрған эпостық жырлары, шешімі шебер шешендік сөздері, мақал-мәтелі мен жұмбағы, жаңылтпашы мен өтірік өлеңі, қоржыны ортаймаған қара өлеңі, ең бастысы, қасиетті тілі қаншама қазақ баласын адами қалыпқа салып, бүтіндей ұлтты қалыптастырып шығаратынын түсініп, ұрпағының жан - жақты тәрбиесіне мән беруі тиіс.

Заман талабына сай туындап отырған ұрпақтың бойына қайырымдылықтың, ізгіліктің, Отансүйгіштіктің тәлімін бергеніміз орынды. Ал оның барлығы ұлттық тәрбиемізден бастау алады. Еуропаның, Батыстың мәдениетін қызықтап, үлгі тұтып, соған басымдық беріп, ұлттық тамырынан

ұзап бара жатқан жастарымыз да бар. Өскелең ұрпақты ата - бабамыздың салт - дәстүр, әдет - ғұрпында ырым - тыйым сөздер арқылы тәрбиелеп қана қоймай, оларға таным - түсінігімізді барынша сауатты түсіндіріп жеткізуіміз керек.

32 жыл заң саласында еңбек етіп жүрген қоғам қайраткері Жетісу өңірінің құрметті азаматшасы Ризабекова Шолпан Бостанқызы әр сөзінде ұлттық тәрбиенің ұлттық сананы нығайтуда және бала тәрбиесінде маңызды тәрбие құралы екенін әрдайым айтып жүреді. Осы орайда қаншама ұлы адамдарды дүниеге әкелдірген топырағымен ауасы киелі Жетісу өңірі Ақсу ауданында «Анаға тағзым», «Ұрпаққа аманат» тақырыбында ұлттық тәрбиеге негізделген үлкен іс - шаралар өткізілмек. Іс - шараның мақсаты анық. Ол: үлкенді қадірлеу, ата - анаға қамқор болу, қонақжайлылық, қоршаған ортаға құрметпен қарау, туысқандық тығыз байланыс орнату, балажандылық, еңбексүйгіштік, жан-жануарларға жанашырлық таныту және де табиғатты аялау мен тұрмыс - салтымызды, әдет - ғұрпымызды өскелең ұрпаққа, жастар арасында дәріптеу. Олай болса, ұлттық тәрбие отбасындағы қалыптасқан ата - баба дәстүрі мен өмір сүру салтымызда көтерген әрбір жас шаңырақтың шайқалмай берік болып тұруына, балалардың денсаулығы мықты болып, бақытты өсіп, өмір сүруіне мүмкіндік береді.

Г.ИМАНҒАЛИЕВА,
ұстаз.

Музей экспозициясындағы қару –
тарихи дерек көзі

Музей экспозицияларында сақталған қару-жарақтар өткен дәуірдің тарихын зерттеудегі маңызды дерек көздерінің бірі болып табылады. Олар белгілі бір кезеңдегі халықтың әскери өнерін, қорғаныс жүйесін және материалдық мәдениетін сипаттайтын құнды жәдігерлер саналады.

Қару-жарақ түрлері арқылы халықтың тұрмыс-тіршілігі, шаруашылығы, жаугершілік кезеңдері мен әскери дәстүрлері туралы мәлімет алуға болады. Экспозицияларда кездесетін қылыш, найза, садақ, жебе, айбалта және мылтық секілді қарулардың әрқайсысы өзіндік тарихи ерекшеліктерге ие. Олардың жасалу технологиясы, қолданылған материалы және сыртқы безендірілуі белгілі бір дәуірдің мәдениеті мен шеберлік деңгейін көрсетеді.

Музейдегі қару-жарақтар халықтың азаттық жолындағы күресін, батырлардың ерлігін және ел қорғаудағы рөлін танытады. Әсіресе қазақ халқының жауынгерлік мәдениетін зерттеуде қару-жарақтардың маңызы зор. Олар тарихи оқиғаларды нақты деректермен байланыстыруға және өткен заманның әскери өмірін көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар қару-жарақ экспонаттары жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызды қызмет атқарады. Мұндай жәдігерлер тарихи сананы қалыптастырып, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге ықпал етеді. Экспозициядағы әрбір қару түрі – халқымыздың өткен өмірінен сыр шертетін тарихи мұра.

Қорытындылай келе, музей экспозицияларындағы қару-жарақтар тек көне бұйым ғана емес, өткеннің шынайы куәгері болып табылатын тарихи дерек көздері. Оларды зерттеу арқылы халық тарихын тереңірек танып, ұлттық мұраны келер ұрпаққа жеткізуге болады.

Аружан ӘДІЛБЕК,
"Ақын Сара" мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН – ЖАЗ ОЙЛА!



Құрметті Ақсу ауданының тұрғындары!

Алдағы 2026 - 2027 жылдың қыс мезгілінің ерте түсуіне байланысты жылыту маусымына дайындық шараларын жүргізу аясында, күз айларында жылу беру кәсіпорындарына көмірді жеткізу жұмыстары атқарылады, ол коммуналды - тұрмыстық көмірді тасымалдаушы вагондар санының, қысқаруына әкеп соғады. Осыған орай, жылыту маусымында көмірдің, жетіспеушілігін және әлеуметтік шиеленісті болдырмау мақсатында, Ақсу ауданының әкімдігі қатты отынның қажетті мөлшерін көмір тұйықтары мен қоймаларынан алдын - ала жаз - күз мезгілінде сатып алу керектігін ескертеді.

«Аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті
Құрылтайшы, директор -
бас редактор
ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан
Республикасы
Инвестициялар және
Даму Министрлігі
Байланыс,
ақпараттандыру және
ақпарат комитеті
2015 жылы 16 қараша
айында есепке қойылды.
Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар
авторының пікірі редакция көзқарасы болып
табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға
қайтарылмайды.
Жарнама, хабарландырулар, арнау,
құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне
жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет,
жұма күні шығады.

БІЗДІҢ
МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу
ауданы, Жансүгіров ауылы,
Желтоқсан көшесі, №5 "В",
аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488
Осы шығарылымның
таралымы 2537

Директор - бас редактор
- 2-12-90,
жауапты хатшы
- 2-12-90.

Электрондық пошта:
aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты
aksuoniri.kz

Индекс: 65750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.